

Тіркелген салықтың ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе қалалық мәслихатының кезекті отыз бесінші сессиясының 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 303 шешімі. Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 17 қаңтарда N 3-1-66 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 215 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009.12.24 № 215 ш е ш і м і м е н .

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2008.12.22 N 112 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақшадан қараңыз) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 394-бабына, "Тіркелген жиынтық салығының ең жоғары және ең төменгі базалық мөлшерін бекіту жөніндегі" 23 қазанның 2006 жылғы N 1016 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 және 7 баптары негізінде Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақтөбе қаласы бойынша ұсынылған салық мөлшері белгіленсін.

2. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы он екінші сессиясының "Жекелеген салық түрлерінің мөлшерін бекіту туралы" N 118 шешімінің (2002 жылғы 1 ақпанда N 1461 болып тіркелген), Ақтөбе қалалық мәслихатының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы кезекті төртінші сессиясындағы "2001 жылғы 20 желтоқсандағы (2004 жылы 2 ақпанда N 2549 болып тіркелген) мәслихаттың он екінші сессиясының N 118 шешіміне өзгеріс енгізу туралы N 30 шешімінің, "Жекелеген салық түрінің мөлшерін бекіту туралы" қалалық мәслихаттың төртінші сессиясының N 30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы 2004 жылғы 12 қарашадағы (2004 жылғы 7 желтоқсанда N 2983 болып тіркелген) N 86 шешімдерінің күші жойылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күннен бастап қолданысқа енеді.

Сессия төрайымы

Мәслихат хатшысы

2006	Ақтөбе жылғы	қалалық 26	мәслихатының желтоқсандағы
------	-----------------	---------------	-------------------------------

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2008.12.22 N 112 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақшадан қараңыз) шешімімен. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009.10.27 № 190 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) шешімімен.

Тіркелген жиынтық салық ставкаларының мөлшерлері

р/с N	Салық салынатын объектілер	Ставкалар (айлық есептік көрсеткіштерде)
1	Бір ойыншымен ойын жүргізу үшін арналған ұтыссыз ойын автоматы	2,5
2	Бірнеше ойыншымен ойын жүргізу үшін арналған ұтыссыз ойын автоматы	7,5
3	Ойын жүргізу үшін қолданатын жеке компьютер	2,5
4	Ойын жолы	41,5
5	Карт	8
6	Бильярд үстелі	12

Ескерту. Тіркелген салықтың базалық ставкалары мөлшері бірлік аумағында бір айлық салық салу объектісіне белгіленді.